

Батыс Қазақстан облысының халқы үшін электр энергиясына арналған тарифтер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 қыркүйек N 1167. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.07. N 179 қаулысымен.

Электр жүктелімін өтеуге республикада өз электр көздерінің болмауына және "Запказэнерго" республикалық Мемлекеттік кәсіпорнының Орал филиалымен "Қазақстанэнерго" Ұлттық энергетикасы жүйесі босатқан электр энергиясына көтерме тарифтің шегінен асқан мөлшердегі тарифтері бойынша "Ресей БЭЖ" ОДҚ-мен 1996 жылғы 9 шілдеде N 04398-9606 электр энергиясын беріп тұруға тікелей шарт жасасуға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Батыс Қазақстан облысының халқы үшін 1996 жылдың 1 қазанынан бастап электр энергиясына арналған тариф 1 кВт.с. үшін 3.0 теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Батыс Қазақстан облысының басқа тұтынушыларына электр энергиясын пайдаланғаны үшін төлемнің қажетті қайта есептеулерін сонымен бір мезгілде жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі